

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы МКҚК  
2025-20026ж

# «Елімнің ертеңгі иесі -біз»

«Айгөлек» тобы

### Сценарий атауы: «Елімнің ертеңгі иесі – біз»

**Жүргізуші:** Қайырлы күн, қымбатты қонақтар! Бүгін біз ерекше мерекені Республика күнін тойлаймыз! Бұл мерекеде біз бақытты болудың сырын, достықтың мейірімін білеміз мереке баршамызға құтты болсын! Дендеріңіз сау болып, бейбітшілік заман болсын!

Балаларды қарсы алу Қазақстан Республикасы гимн орындау сұрақтар қою:

1. Балалар сендердің Отандарың қасиетті мекендерің қай Республика? ҚР
2. Президенті кім? Қасымжомарт Тоқаев
3. Отандарының астанасы қай қала? Астана
4. Отан дегеніміз не? (туған жер, ауыл, отбасы, ата-ана)

**Жүргізуші:** Балалар біздің отанымыз Қазақстан бақытты ел. Елімізде түрлі ұлттар бар, бәрі бір үйдің баласындай тату – тәтті өмір сүреді. Бақытты елде өмір сүру әркімнің арманы. Осындай бақытты елде өмір сүру біздің басамызға қонған бақ екен. Тәуелсіз, бейбіт елде өмір сүріп жатқанымызға бақыттымыз. Ендеше балалар «Бақыт құсын» қарсы алайық.

**Бақыт құсы:**

Сәлем, балалар. Мен – Бақыт құсымын.

Әр елдің үстінен ұшып өтемін.

Бірақ менің жүрегім ең көп жылитын жер – көк ту желбіреген Қазақстан!

**Балалар:**

- Қош келдің, Бақыт құсы!

Бүгін біздің мерекеміз- Республика күні!

**Бақыт құсы:**

-Иә білемін.

Сендердің бейбіт елдің балаларысыңдар.

Бүгін мен сендердің елімізге шаттық пен нұр алып келдім.

**Тақпақтар:**

**Мүсілім**

Отан менің өз елім

Отан туған өз жерім

Отан далам өз елім

Гүлдей жайнап өсемін

**Санжар**

Қазақстан – еліміз

Гүлдей жайнап жеріміз

Республика күнінде

Ән салайық бәріміз

**Фатима**

Ата – баба аманы

Орындаған халқымыз

Республика күнімен

Мақтанамыз бәріміз

**Адина**

Құтты болсын Қазағым

Республика күні бұл

Мерейлі де тәуелсіз

Қазағымның үні бұл

**Азиза**

Республикам өзіңсің

Сыйлар бізге гүл болсын

Бір өзіңе арналар

Таусылмайды жырларым

Әбдір  
Құрметте досым,  
Қазақтың жерін  
Қазақстан Республикам менің!

Абу  
Республикам жырымсы  
Тұмарым қып тағатын  
Әуелетіп жүрекпен  
Шырқап өнге салатын

Жүргізуші:

Күн жарық пен жылудың, өмір мен мейірімнің белгісі.

Қыран еркіндік пен биіктіктің, күш пен рухтың нышаны. Ал осы екеуі бірге біздің қасиетті туымыздың бейнесі, Тәуелсіз Қазақстанның символы.

Қыран мен күннің келуі.

Күн:

- Мен елімді нұрға бөлеймін  
Қуаныш пен шаттық сыйлаймын  
Бүгін менің шуағым  
Тәуелсіз елімді қыздырып тұр!

Қыран:

- Мен тәуелсіздік символымын!  
Көк туымның астында еркін ұшам!  
Менің қанатымда күш  
Менің жүрегімде Отанға деген сүйіспеншілік бар.

Тақпақтар:

Нұралы

Көк туымды көтерем,  
Әнұраным айтам мен  
Отанымның баласы  
Бақыттымын, байтақ ел

Әміре С

Сарқылмайтын қуатым  
Тірегімсің Қазақстан  
Мәңгі соғып тұратын  
Жүрегімсің Қазақстан

Ән «Елімнің ертеңгі иесі – біз» қыран, күн, бақыт құсы қоптасады.

Бақыт құсы:

-Мен сендердің елдерінде қаламын  
Өйткені мұнда бейбітшілік пен достық бар!

Күн:

-Күн нұры ешқашан батпасын!

Қыран:

-Еліміз биіктен көрінсін!

«Ойын – жалаушаны тез жеткіз»

Әміре Қ, Расул, Ж.Муха, Сардар, Мират, Мухаммад

Жүргізуші: Балалар ата Халқымыздың батыры Б.Момышұлы айтқан екен, Отан үшін отқа түс күймейсің деп. Ақындар Отан деп жыр жазған, Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Енді мен ата – аналармен ойын ойнайын: «Мақалды жалғастыр» Отан туралы, туған жер туралы.

Мақал

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл  
Бөтен жердің гүлінен – туған жердің тікені артық  
Отан – оттан да ыстық  
Отан – адамның жүрегі  
Отанын сүйген – елін сүйеді  
Отан – ортақ үйіміз  
Отан – отбасынан басталады.

Туған жер – алтын бесік  
Туған жердей жер болмас  
Туған елдей ел болмас  
Елі іші алтын бесік  
Туған жерге туынды тік  
Ел іші – алтын бесік  
Елінен безген ер болмас  
Аққу көлін аңсайды  
Адам туған жерін аңсайды  
Кісі елінде сұлтан болғанша  
Өз елінде ұлтан бол

Жүргізуші: Қазақ халқы өнерге, әсемдікке, әдемі қимылдарға бай халық. Би – халқымыздың мінезін, қуанышын, салт – дәстүрін көрсететін өнер. Біздің балалар сіздерге керемет қазақ биін тарту етеді.

Би  
Жүргізуші: Бүгінгі мерекеміз осымен өз мәресіне жетті. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бақыт құсы әр жүректе қонсын. Тәуелсіз Қазақстанның үміті сендерсіндер!  
Сау болыңыздар!



